

## ҚАЗАҚ АУДАРМАСЫНДАҒЫ СӨЗ ТҮРЛЕНДІРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

„Немістің атақты жазушысы Гете аударма жайлы «авторды өз отандасынды көргендей өзіне көшірме, дұрысында, өзің сол бетен жергілікке бар, соның өмір ортасына, тіліне, тіл ерекшеліктеріне ойыс» деген болатын. Шындығында, аудармашы шығарманың ішіне үніледі, оның ішкі курылымына, мазмұнына терең бойлайды“ [1,21]. Аудармашы автордың шығармасының ішіне терең үніле отырып, сол шығарманың аударма тіліндегі функционалды балама мәтінін жасайды. Аударма тілінде түпнұсқа мәтіннің мүмкіндігінше жоғары дәрежеде функционалды баламасы болатын мәтінді жасау – күрделі күбылыш. Аудару процесінің күрделілігі жөнінде Ф. Имамбаева былай деп жазады: “Перевод с одного языка на другой представляет собой сложный процесс, в ходе которого переводчик стремится к достижению максимальной эквивалентности между текстами. Ре-

шение этой задачи становится возможным благодаря передаче содержания исходного текста с функционально обусловленной степенью точности на ПЯ с внесением в него при этом целого ряда изменений, обусловленных стремлением разрешить противоречие между содержательной стороной (ИЯ) и нормативной (ПЯ)“ [2,62]. Яғни функционалды түрде балама болатын мәтін жасау аудармашының сан алуан сөз түрлендірuler жасауын – екінші тілдің сөздік құрамынан түпнұскадағы акпаратты мүмкін болғанша тольк қамти алатын сөзді таңдауын жөн аударылатын тілдің лексикалық-грамматикалық нормаларын кадағалауын талап етеді. Сөзбе-сөз аудару тәсілі механикалық түрде автоматты түрде жүзеге асырылатын болса, сөз түрлендіру, яғни трансформация жасау аудармашыдан шығармашылықты талап етеді. Әйткені сөзбе-сөз аудару барысында

түпнұсқа тіліндегі мәтін мен аударылатын тілдегі мәтін семантикалық құрылымдық жағынан мүмкіндігінше жақын болып келіп, түпнұсқа мәтіннің кесіндісі аударылатын тілге “сөзбе сөз етіліп” берілетін болса, сөз түрлендіруде аударылатын тілдегі мәтін (кесінді) түпнұсқадан өзінің семантикалық-құрылымдық жағынан едәуір алшақтай түседі [3,95]. Түпнұсқаның мазмұнын, құрылымын, автордың стилін басшылыққа ала отырып аудару барысында аудармашы контекстің лексикалық-грамматикалық құрылымынан ауытқиды, мәтіндегі тілдік бірліктердің стильдік қызметіне қарай сөздіктердегі сәйкестіктерді семантикалық қызметі ұғымға жақын элементтермен алмастырады [4,175]. Демек, сөз түрлендіру барысында түпнұсқа мәтіндегі бірлік (біріккен сөз) аударылатын мәтінде я өзінің семантикалық мағынасын, я категориалды-грамматикалық формасын немесе синтаксистік қызметін толық сактап қала алмайды.

Орыс ғалымы Е.А.Жеребцова Л.К.Латышевтың сөзбе-сөз аударудан басқаның барлығы бірдей сөз түрлендіру болады деген тұжырымына сүйене отырып, сөз түрлендіру тәсілінің белгісі ретінде сөзбе-сөз аудару тәсілінің белгілеріне кері мынадай белгілерді тағайындаиды: сөз түрлендіру кезінде аудару өрекетін автоматты түрде жүзеге асыру мүмкін емес; түпнұсқа мәтіндегі бірлік пен аударылатын тілдегі оның баламасы лексикалық, және грамматикалық тұргыдан алғанда пара-пар болмайды; түпнұсқа мәтіндегі бірліктің аударылатын тілде сәйкес келетін баламасының синтаксистік құрылымы едәуір күрделі болып келеді; түпнұсқа мәтіндегі бірлікті аудару кезінде пайдаланылған грамматикалық үлгі сөзбе-сөз аударумен салыстырғанда өлдекайда сирек кездеседі, яғни осы бір мәртелең болып табылады.

Ғалымдардың сөз түрлендіру жөніндегі пікірлерін негізге ала отырып, сөз түрлендіруді басқа да аудару тәсілдерінен ажырататын көрсеткіш ретінде оның мынадай негізгі белгілерін санаймыз: аударма мәтіндегі баламаның түпнұсқа мәтіндегі бірліктен лексикалық және грамматикалық тұргыдан алғанда ауытқуы; балама құрамының З сыңардан аспауы; сөз түрлендіру өрекетін автоматты түрде жүзеге асыру мүмкін еместігі.

Біз мұнда сөз түрлендіру тәсілін ажыратуға негіз болатын осы белгілерге сүйене отырып, түпнұсқа мәтіндегі біріккен сөздердің қандай баламаларын сөз түрлендіру тәсілінің нәтижесі

ретінде қарастыратындығымызды жинақтаған материалдарды талдау арқылы тиянақтаған алуды жөн көрдік. Мысалы:

1. *Wie man solch einem gefährlichen Raubtier drei Schnurrbarthaare auszupfen kann, das sollt ihr in diesem Buch erfahren.*

Сонымен айбарлы жыртқыштың үш тал мұртын қалай жұлып алуға болады.

2. *Ich bin der Altvogelvater und fliege um Futter aus.*

Мен атальқ құсша жем ізден қаша жөнелдім.

3. *Hinter ihnen dröhnte Kaponendonner.*

Арттан зіркілдеген зеңбірек естілді.

Түпнұсқа мәтін мен аударма мәтінді салыстыра-салғастыра зерттеу түпнұсқа мәтіндегі біріккен сөздер мен аударма мәтіндегі олардың баламалары арасында семантикалық-құрылымдық тұргыдан алғанда алшақтық бар екендігін көрсетеді. Алғашқы түпнұсқа мәтіндердегі біріккен сөздер аударма мәтінде өздерінің синтаксистік қызметін толық сактап қалмаган. 1-ші түпнұсқа мәтіндегі біріккен сөз сөйлемнің толықтауышы болса, аударма мәтіндегі балама толықтауыш болып табылады. 2-ші түпнұсқа мәтіндегі біріккен сөз баяндауыш болса, аударма мәтіндегі балама сөйлемде пысықтауыш қызметін аткарады. Ал 3-ші түпнұсқа мәтіндегі біріккен сөз аударма мәтіндес өзінің семантикалық мағынасын толық сактап қала алмаған. Мұндай сөз түрлендіру тәсілін қолдану, өрине, туыс емес герман-түрік тілдеріндегі тілдік жүйе, тілдік норма және узустары арасындағы алшақтықтан келіп тұындаиды.

Немістің көрнекті жазушысы Э.Штриттматтардің, балалар жазушылары А.Греймнің және П.Хәртлингтің көркем шығармалары мен олардың қазақ тіліне тікелей аударылған аударма шығармаларын салыстыра зерттеу қазақ аудармасында аударудың сөз түрлендіру тәсілдерінің ішінде жиі кездесетін түрі – синтаксистік сөз түрлендіру екендігін байқатты. Соңдықтан мақала қазақ аудармасындағы синтаксистік сөз түрлендіру және оны қолдану ерекшеліктеріне арналады.

Сонымен, синтаксистік сөз түрлендіру тәсілінің ерекшелігі оның аударылатын мазмұнға мәнді өзгерістер енгізе қоймайтындығында. Синтаксистік сөз түрлендіру кезінде түпнұсқа мәтіндегі біріккен сөздер мен аударма мәтіндегі олардың баламаларының сәйкесті сөйлемдерде атқаратын синтаксистік қызметтері түрліше болып келеді. Мысалы:

*1. Es gehört noch nicht hierher, aber es gehört zu meinem Erzdäilstil.*

Бұл әңгіменің дәл осы жерге көрсі де жоқ еді, бірақ бұл менің **баяндау стилім**.

*2. Herr Ranz revanchiert sich und befühlt taktvoll den Stoff der Mädchensommerkleid.*

Ранц мұрза да тек түрмай, қыздардың жаздық **көйлегін** әдеппен үстап тұратын.

Біздің ойымызша, мұндай сөз түрлендіру неміс және қазақ тілдері узустары арасындағы алшақтықты бейтараптандыру қажеттігінен туындаған. Неміс тіліндегі жоғарыда берілген сөйлемдердің сөзі-сөз етіп аударылуы да мүмкін. Мысалы:

1) Бұл әңгіменің дәл осы жерге көрсі де жоқ еді, бірақ бұл менің **баяндау стиліме** жатады.

2) Ранц мұрза да тек түрмай, қыздардың жаздық **көйлектерінің** матасын үстап тұратын.

Әрине, қазақ тілінде “бұл менің **баяндау стиліме** жатады” деп айтуға болады және айтылады да. Алайда “бұл менің **баяндау стилім**” нұсқасы өрі қыска, өрі құлаққа жағымдырақ естіледі. Ал 2-ші түпнұсқа мәтіндегі “**қыздардың жаздық көйлегінің** матасын үстап тұру” сөз тіркесі неміс халқының тәппіштеп сөйлеу стилінен туындаған. Түпнұсқа мәтіндерде осылайша сөзбе-сөз аударудың орын алуы мүмкін, бірақ та ол узуалды емес. Сондықтан да аудармашы түпнұсқа мәтінді аударуда синтаксистік сөз түрлендіру тәсілін тандайды.

Ал келесі мысалдар неміс тілі мен қазақ тілі нормаларының алшақтығы салдарынан қазақ аудармасында синтаксистік сөз түрлендірудің орын алатындығын көрсетеді:

*4. Es fällt mir ein, daß ich einiges Geld nötig habe, und fällt mir ein mein Ehering.*

Маган ақша көрек екендігі есіме түсті де, жалма-жан **неке сақинама** көз тоқтаттым.

*5. Es war viel Weinens unter den Inselfrauen, als die italienischen Soldaten abzogen und die deutschen Soldaten anrückten.*

Италян солдаттары кетін, неміс солдаттары келгенде, арапдағы әйелдер кәдімгідей-ақ жылап-сықтайтын.

Мұнда қазақ тілі жүйесі түпнұсқа мәтіндердегі сөздер мен сөз тіркестеріне дайын сәйкестіктер ұсынады. Мысалы: *mein Ehering*-менің сақинам; *unter den Inselfrauen*-арап әйелдері арасында. Осы сәйкестіктерді пайдалана отырып жоғарыда берілген түпнұсқадағы сөйлемдерді қазақ тіліне төмендегіше аударуға болады. Мысалы:

*A) Маган ақша көрек екендігі есіме түсті және есіме неке сақинам түсті.*

*Ә) Италян солдаттары кетін, неміс солдаттары келгенде, арап әйелдері арасында көп жылап-сықтай болатын.*

*Б) Мені осы Германиядан орын тепкізген әу тіршілік емес не, содан бері **тұган жердегі ортанның** тастап кетейін деген ой болған емес, тіпті ойна ма кіріп шықтайтын.*

Біздің тұжырымдауымызша, мұндай сөзбесөз аудару аударма мәтінді түпнұсқа мәтіннің баламасы ретінде тануға мүмкіндік беретін „екі тілдегі мәтіндер семантикалық-құрылымдық жағынан мүмкіндігінше бір-біріне жақын түсүи“ деген талапты қанағаттандырғанымен, бұл аударма мәтіннің тілі „табиғи“ емес. Сондықтан да аудармашы бірінші талаптан біршама шегініп, аударма мәтінді қазақ тілі нормасына сай жасау мақсатында аудару кезінде синтаксистік сөз түрлендіру тәсілін пайдаланады.

Неміс тілі мен қазақ тілі жүйелеріндегі айырмашылық түпнұсқа мәтіндегі біріккен сөздерді қазақ тіліне синтаксистік сөз түрлендіру тәсілі көмегімен аударуға алып келеді. Мысалы:

*6. Dem Sauhund säg ich noch mal seinen Ast ab.*

*Иттің баласының* отыратын бұтагын кесіп тастаймын.

*7. Auf den Hügeln um die Stadt herum gibt es noch ein paar Schafherden, nicht mehr viele, und über eine der Herden wacht der Schäfer.*

Қаланың төңірегіндегі төбелер де көп емес, бірнеше **қой отары** болады, бір отар осы қойшының қармагында еді.

Мұндағы салыстырылып отырған тіл жүйелеріндегі айырмашылық олардың келесі ерекшеліктерінен көрінеді: Неміс тіліндегі *sägen* етістігі сөйлемде барыс және табыс септіктерінде түрған екі зат есімді талап ететін болса, қазақ тіліндегі оған балама етістік – *аралау* – ілік және табыс септіктеріндегі зат есімдерді талап етеді. Ал неміс тіліндегі *es gibt* құрылымы тұра толықтауышты талап етсе, оның қазақ тіліндегі сәйкесі – *бар болу* – атаяу септігін талап етеді. Яғни қазақ тілінің жүйесі аудару процесінде неміс тіліндегі сөйлемді қураушы компоненттердің синтаксистік қызметін толық, сактауға мүмкіндік бермейді. Соның нәтижесінде түпнұсқа мәтінде толықтауыш қызметін атқарып түрған біріккен сөз (*dem Sauhund*) аударма мәтіннің анықтауышы (*иттің баласының*), түпнұсқа мәтіндегі тұра толықтауыш (*ein paar Schafherden*) аударма мәтіннің бастауышы (*бірнеше қой отары*) болып беріледі.

Синтаксистік сөз түрлендіру қазақ және неміс тіліндегі сөйлем түрлері арасындағы ай-

ырмашылықтарға да байланысты итеріледі. Мысалы:

9. Das Lager, in dem ich Amin, den Lehrer kennenlernte, war ein Flüchtlingslage.

Мен мұгалім Әминмен босқындар лагерінде таныстым.

10. Das Haus hat ein großes Portal mit einer sehr hohen Holztür, die schwer aufzukriegen ist.

Зәулім үйдің ерекше орнектелген кең кіре берісіндегі ағаш есік әрең ашылады.

Жоғарыда берілген мысалдардан көріп отырғанымыздай, түпнұсқадағы сөйлем анықтауыш бағыныңқы сабактас сөйлеммен (*Relativsatz*) берілген. Ал қазақ тілі жүйесінде анықтауыш бағыныңқы сабактас сөйлем жок. Сол себепті түпнұсқадағы анықтауыш бағыныңқы сөйлем қазақ тіліне жай жайылма сөйлем болып беріледі. Сөйлемнің құрылымын өзгереттін бұл синтаксистік сөз түрлендіру түпнұсқа мәтінді қазақ тіліне аударуда сөйлемнің құраушы компоненттерінің де синтаксистік қызметіне өз ықпалын тигізеді: 10-мысалдағы түпнұсқа мәтіндегі біріккен сөз (*Flüchtlingslager*) сөйлемнің есім баяндауышы қызметін атқарса, оған сәйкес қазақ тіліндегі сөз тіркесі (*босқындар лагері*) сөйлемнің мекен-жай пысықтауышы болып табылады. Ал 11-мысалда неміс тіліндегі зат есімді біріккен сөзге, яғни толықтауышқа (*mit einer...Holztür*) қазақ тілінде бастауыш (*агаш есік*) қызметін атқаратын балама сәйкес келеді.

Түпнұсқа мәтін мен қазақ тіліне аударылған мәтінді салғастыра салыстыру, сөйлемнің синтаксистік құрылымын өзгереттін бұл сөз түрлендірудің екі тілдің нормаларындағы айырмашылықтарына да байланысты екендігін аңғартады. Мысалы:

11. Der Führer der PLO wird in New York von der Weltorganisation aller Staaten empfangen.

ООП-тың көсемін Нью-Йорктегі барлық мемлекеттердің дүние жүзілік үйімі қабылдайтын болады.

12. Einer der drei Schafstreiber sieht aus wie jene Wesen, die von den alten Geschichtsschreibern Zyklopen genannt werden.

Кой айдаушылардың біреуі, тарихшылар айтпақшы, жалғыз көзді дәуге, бір құбыжыққа үқсайды.

13. Sie wurden von den richtigen Schulkindern ausgelacht, gehänselt, geschlagen und es wurde ihnen nachgerufen: Heimkinder!

Мектептің өз оқушылары буларга күліп, ма-заттайтын, ұратын және артынан „Жетімдер“ деп айғайлайтын.

Жоғарыда берілген түпнұсқа сөйлемдер – ырықсыз етісті сөйлемдер. Ырықсыз етіс – қазақ тіліне де тән құбылыс. Алайда, түпнұсқадағы сөйлемді қазақ тіліне ырықсыз етісті сөйлем ретінде беру барлық уақытта бірдей қазақ тілінің нормасына сай сөйлемдер туындана бермейді. Сондықтан аудармашы түпнұсқа тіліндегі ырықсыз етісті сөйлемді қазақ тіліне өздік етісті сөйлем арқылы береді. Аудару барысында түпнұсқадағы сөйлем құрылымына мұндай өзгерістер енгізу сөйлемді құраушы бірліктердің сөйлемде атқаралын синтаксистік қызметіне де елеулі өзгерістер енгізеді. Мысалы, мысалдарда берілген түпнұсқа мәтіндегі біріккен зат есімдер сөйлемнің толықтауышы болады да (*von der Weltorganisation, von den Hitlerfaschisten, von den richtigen Schulkindern*), олардың аударма мәтіндегі баламалары (*дүние жүзілік үйімі, тарихшылар, мектеп-тің оқушылары*) сөйлемнің бастауышы қызметін атқарады.

Сонымен, неміс тіліндегі қолданысқа түскен біріккен зат есімдерді қазақ тіліне аударуда сөз түрлендірудің синтаксистік түрі көнінен қолданылады. Синтаксистік сөз түрлендіру тәсілін игеруде аудармашы түпнұсқа мәтінді сөзбе-сөз етіп аударып көреді. Сөзбе-сөз аударылған аударма мәтін көркем аудармадағы баламалалықты толық қанағаттандырған жағдайда аудармашы сөз түрлендіру тәсілін пайдаланады. Неміс тіліндегі біріккен зат есімдерді қазақ тіліне аударуда синтаксистік сөз түрлендірудің көптеп игерілуі флексивті тілдер тобына жататын неміс тілі мен агглютинативті тілдер тобына жататын қазақ тілі жүйелері арасындағы алшақтықты тағы да бір көрсеткендей болады.

## ӘДЕБИЕТ

1. Дүкембай С.Х., Құрманбаева Т.С. Жоғары оку мекемелерінде аудармалы іс-қағаздарын жүргізудің кейір мәселелері // Язык, перевод и современные технологии обучения языкам. Материалы международной научно-практической конференции. Алматы, 2002. 19-22-бб.

2. Имамбаева Г. Сопоставительный анализ страдательного залога: Дис. на соис. канд. филол. н. Алматы, 2004. 148 с.

3. Латышев Л.К. Курс перевода. Эквивалентность перевода и способ ее достижения. М.: Международные отношения, 1981. 247 с.

4. Алдашева А. Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер: Филол. ғыл. докт. дис. Алматы, 1999. 324-б.